

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 560 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

**Қазақстан Республикасының
Конституциялық Заңы Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 10, 341-құжат):

1) 21-баптың 1-тармағында:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) референдумның бастамашыл топтарын және оның референдумға ұсынатын мәселесін (мәселелерін) тіркеуді жүзеге асырады. Бұл туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарына беруді қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

12) референдумның бастамашыл топтарын тіркеу туралы куәлік нысанын бекітеді;

13) дайындық парақтарын бере отырып, бір мезгілде референдумның бастамашыл

топтарын тіркеу туралы куәлік беруді жүзеге асырады;

14) осы Конституциялық Заңда көзделген жағдайларда бастамашыл топтар мүшелерінің қызметін тоқтату туралы; куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

15) осы Конституциялық Заңда көзделген жағдайларда жекелеген учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) референдум өткізуді жарамсыз деп таниды.";

2) 22-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) референдумның бастамашыл топтарының қол қою парақтарын тексеруді жүргізеді.";

3) 23-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдайды.";

4) 28-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетеньдердің жарамсыз деп танылуына байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені дауыс беру жолымен референдумның учаскелік комиссиясы шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады."

2. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 145-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 4, 44-құжат; 1999 ж., N 10, 344-құжат):

1) 14-баптың 6) тармақшасында, 15-баптың 4) тармақшасында "қолданылып жүрген заңдарда белгіленген" деген сөздер "оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында "Республиканың заңдарымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24) :

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) мәтінде "осы Жарлықты", "осы Жарлықта", "осы Жарлықпен", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықтың", "осы Жарлық" деген сөздер "осы Конституциялық заңды", "осы Конституциялық заңда", "осы Конституциялық заңмен", "осы Конституциялық заңға", "осы Конституциялық заңның", "осы Конституциялық заң" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 42-бап алынып тасталсын.

2-бап. Осы Конституциялық заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК